		Мақал-мәтел: «Ер дәулеті – еңбек». Мақсаты: Түстерді ажырата алуды үретуді жалғастыру. (Қарым-қатынас іс-әрекеті)	**Еңбек:** Қарды күреп, ағаштардың астына үю. **Ойын Қ\О «Кім жылдам?»** Өз еріктерімен түрлі ойындар ойнау. (қазақ тілі) **Жеке жұмыс:** сапта екеуден, үшеуден жүру; заттардан бір қырымен аттап жүру; Киімдерін қағып, саппен топқа қайту.		сәбіз т.б.Суықторғайдың жемін таңдауға тапсырма береді.Балалар қысқа адыммен секіреді, ұшады, «рюм-рюм-рюм», – ысқырып дыбысынсалады. Балалар құстарға арналған жемді таңдайды.Торғайларға – нан қиқымы, дәндер. Сарышымшыққа – нан қиқымы, дәндер.Суықторғайға – өсімдік тұқымдары,шетеннің жемісі.Қарғаға – тағам қалдықтары, жеміс пен көгөністердің аршылған қабықтары. Көгершінге – тары.
Балалардың үйге қайтуы	.	Ата-аналарға дене шынықтыруға арналған форма жайлы айту	Ата-аналардың сұрақтарына жауап беру	"Баламен демалыс күнді телевизорсыз қалай өткізуге болады?" ата-аналарға кеңес беру	Ата-аналарға дене шынықтыруға арналған форма жайлы айту

Тексерген Әдіскер: **М.К.Кальжанова**

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Жан-Айниет »жеке меншік балабақшасы мекемесі
Топ: Мектепалды «Қарлығаш» тобы
Балалардың жасы:5 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі:25-29 желтоқсан 2023 ж.
Тәрбиеші:Нұралиева М

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	«Сәлемдесу» ойын әдісі - әлеуметтік мәдениеттің негіздерін қалыптастыру, қазақ тілінде сәлемдесу сөздерін оқыту. Ойын рқылы қазақстан халқының мәдениетімен, салт-**дәстүрлерімен таныстыру (Қарым-қатынас іс-әрекеті)**	Ойын техникасы «Мен өзгеремін..."- қиялды, мейірімділікке эмоционалды жауаптылықты дамыту (**Қарым-қатынас іс-әрекеті,**	**«Телефон» дидактикалық ойынын ойнатуға болады**. Ойын шарты: телефон арқылы айтылған сөзді басқа балаға жеткізесіңдер. Егер телефон үзіліп қалса, үзіп алған бала айыбын төлейді.(**қарым қатынас іс әрекеті)**	«Жылы сөздер» ойын әдісі-ойын жаттығулары арқылы сөздік қорын кеңейту. Қазақ тілінде туыстарын білдіретін сөздердің мағынасын дұрыс айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)**	"Жақсы тілектер" ойын әдісі - мейірімділікке эмоционалды жауап беру, сөздікті кеңейту (**Қарым-қатынас іс-әрекеті)**
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес беру	Серуенге балалармен шығу маңыздылығы туралы	Ата-аналарға дене шынықтыру туралы айту	Ата-аналардың сұрақтарына жауап беру	"Баламен демалыс күнді телевизорсыз қалай өткізуге болады?" ата-аналарға кеңес беру	Ата-аналарға күн тәртібі туралы айту
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Ойын кеңістігін ұйымдастыру, "Менің отбасым" әңгімесі . Мақсаты: Сөздік қорын кеңейту. Қазақ тілінде туыстарын білдіретін сөздердің мағынасын дұрыс айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. (**қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет**).	Дьенеш блоктарымен ойнау-әртүрлі түстер мен пішіндердің бөлшектерінен қарапайым құрылыстардың Ойын кеңістігін ұйымдастыру: саусақ жаттығулары «Бұл атаның саусағы…» - ұсақ мотрикаңы дамыту (**Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет**).	Ойын кеңістігін ұйымдастыру: «Біз тұратын үй» отбасы мүшелеріне құрметпен қарауды тәрбиелеу (**Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет**). Балалардың дербес қимыл белсенділігін ұйымдастыруда, меңгерген қимыл дағдыларын жетілдіру үшін серуен өткізілетін орынды жабдықтау, ойын алаңында балалардың	"**Суретті құрастыр" үстел үсті ойыны.** Мақсат-міндеттер: баланың бірнеше бөліктерден тұратын, тұтас суретті құрастыра білу қабілетін жетілдіру, төзімділікке, бастаған істі аяқтауға тәрбиелеу.(**Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет**) Балалардың дербес қимыл белсенділігін ұйымдастыруда, меңгерген қимыл дағдыларын жетілдіру үшін серуен өткізілетін орынды жабдықтау, ойын алаңында балалардың жүруіне арналған кедергі	**Барлығы қанша?» Мақсаты:** заттарды санау, сандарды жазу. **Ойынның құрал-жабдықтары:** үлестірмелі қағаздар, қарындаштар. **Ойын барысы:** Балалар суреттегі заттарды санайды, тиісті санды жазады. (**Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет**)

			жүруіне арналған кедергі жолдар жасау.	жолдар жасау.	
Ертеңгілік жаттығу	**Таңертеңгі жаттығу кешені (құралсыз)** Колоннада бір қатармен жүру, аяқ ұшымен жүру, өкшемен жүру, тізені көтеріп жүру, жүгіру. Жүру , звеноға бөлініп тұру. «Бұрылу» б.қ. – аяқ алшақ, қол белде. Бұрылып артта тұрған заттарға қарау. (10 рет). «Қолшатыр». Б.Қ. – аяқ алшақ, қол белде. 1 – оңға еңкею, сол қол биікке көтеру; 2 – б.қ.; 3 –сол жаққа; 4 – б.қ. (8 рет). «Біз өсеміз». Б.қ. – аяқ ұшына отырып, қол белде. 1-2 – тізеге көтеріліп, қол биікте, созылу; 3-4 – б,қ, оралу. (8 рет). «Бұрыштар». Б.қ. – арқамен жату, қолдар бастын астында. 1-2 – аяқтарды алға, биікке көтеру; 3-4 – б.қ. оралу. (6 рет). «Себет». Б.қ. — етбетінен жату, қол дене бойымен. 1-2 – аяқты тізеден бүгу; тізені құшақтап тартылу; 3-4 – б.қ. оралу. (4 рет). «Қайшы». Б.қ.. – қол белде. Аяқты айқастырып секіру жүрумен алмастырып. (2 рет 10 –нан секіру). Тыныс алу жаттығулары.**Дене шынықтыру**				
Таңғы ас	Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтанутуралы түсініктерді кеңейту. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру Нан қоқымын шашпаймыз Жерде жатса баспаймыз. Теріп алып қастерлеп Торғайларға тастаңдар**.** **Қазақ тілі**				
Ұйымдастырылған іс әрекетке дайындық	**Д/о: «Ағаштар мен гүлдерді топтастыр»** Мақсаты: топтастыруға, ажыратуға жаттықтыру; зейіндерін дамыту. **(танымдық, зерттеу іс-әрекет)** **Д/О«Ағаштар мен гүлдерді топтастыр»** **Мақсаты:**Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту	**Д/О**Кішкентай шыршаға қыста суық **Мақсаты:**Біздің жақта өсетін қарағай мен шыршаның өсуін қорғау.Дьенеш пішіндерін қолдана отырып шырша құрастыруға **дағдыландыру. (танымдық, зерттеу іс-әрекет)** **Д/О Ағаштар түрлері** **Мақсаты**:Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту	**Д/о:Бұл қай кезде болады?** Балалардың тәулік мезгілдері туралы білімдерін нығайту; оларға тәуліктің *таңертең, күндіз, кеш, түн* тәрізді мезгілдерінің суреті бейнеленген кепе қағазын көрсету арқылы үйрету **(танымдық, зерттеу іс-әрекет)** **Д/ОБұл қай кезде болады?** **Мақсаты:**қазақ тіліне тән ү, ұ, і дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру	**Д/О**Көрінбейтін ауа **Мақсаты:** ауа туралы түсініктерін кеңейту. Тәжірбие-зерттеу жасау арқылы ауаның құрамын білу. Өлі ,тірі табиғатқа тигізер пайдасы туралы жеке зерттеулер жасау арқылы, қортынды жасау **(танымдық, зерттеу іс-әрекет)** **Д/О Тірі және өлі табиғат** **Мақсаты:**Сөздерді интонациясы бойынша сөйлемдерді (, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру	**Д/о: «Ғажайып қорапша» ** **Мақсаты**: Балалар қолдарына киіп қорапшада не зат екенің айтады .Ойлау қабілеттері дамиды. **(танымдық, зерттеу іс-әрекет)** **Д/О«Ғажайып қорапша»** **Мақсаты:**Сөздерді интонациясы бойынша сөйлемдерді (, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру
Кестеге сәйкесұйымдастырылған іс-әрекет	**Қоршаған ортамен таныстыру** **Тақырыбы: Туған жер кереметі** **Мақсаты:** : Туған жер	**Математики негіздері** **Тақырыбы: Жыл мезгілдері** **Мақсаты**: Айлар, жыл мезгілдері туралы	**Көркем әдебиет** **Тақырыбы: «Келді міне Жаңа жыл»** **Мақсаты:** Қазақстан халқының мәдениетімен,	**Математика негіздері** **Тақырыбы: Жыл мезгілдері** **Мақсаты:** Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау	**Музыка** **Тақырыбы**: Күйші-композиторлар **Мақсаты**:Қорқыттың шығармаларымен

	туралы түсініктерін кеңейту;Қазақстанның әсем табиғаты,көрнекі жерлері мен тарихи орындарының маңыздылығын түсінеді **Көркем әдебиет** **Тақырыбы: Жаңа жыл келді** **Саған Жиенбаев** **Мақсаты** Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту. **Қазақ тілі** **Тақырыбы: Қар** **Ш. Әлдибекұлы** **ғы**: шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтады; кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беруге. **Дене шынықтыру** **Мақсаты** Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою. Бірінің артынан бірі ауыспалы қадаммен алға жылжу Гимнастикалық қабырғаға арқасымен сүйеніп тұрып, белінің деңгейіндегі рейкадан ұстап, аяқты кезектестіре бүгу және тік	түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау апта күндерін, жыл мезгілдері бойынша айларды ретімен атайды; заттарды кеңістікте орналастырады, **Қоршаған ортамен таныстыру** **Тақырыбы:** «Келді міне Жаңа жыл» **Мақсаты**: Туған жер туралы түсініктерін кеңейту;Қазақстанның әсем табиғаты,көрнекі жерлері мен тарихи орындарының маңыздылығын түсінеді **Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:«Келді міне Жаңа жыл»** **Мақсаты** Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдана білуді дамыту. **Сауат ашу** **Тақырыбы: «Келді міне Жаңа жыл»** **Мақсаты** : Сөйлемді ауызша талдау сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру.	салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі байланыстырып сөйлеуді дамыту. **Қазақ тілі** **Тақырыбы:«Қу түлкі мен қасқыр» ертегі** **Мақсаты** шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу **Дене шынықтыру** **Мақсаты** Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою. **Музыка** **Мақсаты**:Күйші-композиторлар Тәттімбеттің, Дина Нұрпейісованың шығармаларымен таныстыру .Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру .	**Сауат ашу** **Тақырыбы: Шырша** **Мақсаты:** Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру. **Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы: Шырша мерекесі** **Мақсаты** , монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, **Тақырыбы: Шырша** **Сурет салу**: **Мақсаты:** . Қазақ халқының өмірін, еңбегін, тұрмысын көрсете отырып, қазақ ертегілерінің желісі бойынша сурет салу. **Мүсіндеу:** **Мақсаты:** . Ойдан өз бетінше мүсіндеуге, ұжымдық жұмыстарды орындауға баулу. Мүсіндеген заттарымен түрлі ойындар ойнау. Жұмысты ұқыпты орындау, заттарды жинау, қауіпсіздік ережелерін сақтау **Жапсыру:** Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару. Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне,	таныстыру Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру **Математика негіздері** **Тақырыбы: Жыл мезгілдері** **Мақсаты:** Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау **Сауат ашу** **Тақырыбы: Шырша** **Мақсаты** Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру. **Дене шынықтыру** **Мақсаты:** Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою. Бірінің артынан бірі ауыспалы қадаммен алға жылжу Гимнастикалық қабырғаға арқасымен сүйеніп тұрып, белінің деңгейіндегі рейкадан ұстап, аяқты кезектестіре бүгу және тік көтеру.

	көтеру.			перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру. **Құрастыру** Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыруға, алдағы жұмысты бірге жоспарлауға, бір-бірімен келісіп орындауға, дайын құрылыспен ойнауға мүмкіндік беру.	
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Жолдасына көмектесу, түймені дұрыс тағуды жетілдіру, серуендеу үшін ойын материалын таңдау, балалармен спорттық және ойын құралдары мен спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: қимылдар және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту.				
Серуен	**Бақылау** :Желді бақылау. Балаларға қыста желдің суық өткір екенін түсіндіру. Флюгер түтіннің бағыты ағаш бұтағының қозғалысы бойынша желдің күштілігін анықтауға болатынын үйрету. Қысқы желдің жазғы желден ерекше белгілерін ажырата білуге үйрету. **Еңбек**: Мақсаты: **Қардан жолды тазарту** Балаларды бала-бақша ауласындағы жолдарды тазартуға және сыпыруға үйрету; Еңбек құралдарымен қолдана білуін нығайту, оларды тазалықта және тәртіпте ұстау. **Тәжірибелер және эксперименттер.** **Тәжірибе.** Желдің күштілігін анықтау. Әр түрлі белгілері бойынша	**Бақылау:** Аспанды бақылау. **Мақсаты**:Балалардың көк аспан жөніндегі ой-пікірлерін байыту (таза, тұтастай бұлттармен жамылған). Аспан қыс басында тұтастай бұлттармен жамылғанын атап өту. Қыс аяғында айқын-көк, өте әдемі болады. Балалардың жансыз табиғат жөніндегі пікірлерін ұлғайту. Қыста жансыз табиғат жөніндегі білімін балаларға нығайту,ойлауды, шығармашылық белесті дамыту(қоршаған ортамен таныстыру) **«Жұмбақты шешу»** Ұстай қалсаң еріп кетер, Әуре болма теріп бекер. (қар) қыс туралы тақпақ Қандай суық қыс деген, Қалтырайды құс деген. Құлақшынды кимесең, Құлағыңды тістеген .(көркем әдебиет) Еңбек:	**Бақылау«Қыс келді»** **Мақсаты:** Балаларға қыс туралы түсінік беру жыл мезгілінің ерекшелігін айтуға көргендерін дұрыс айта білуге үйрету. Табиғатты аялауға, әсемдікті көре білуге тәрбиелеу. Балаларды серуенге шығарып, ауа-райына назарларын аудару. - Бүгін қыстың бірінш айы. - Ауа-райы қандай? - Қыста адамдар қалай киінеді? - Қыстап қалған құстарды атаңдаршы.? (қоршаған ортамен танысу) **Жұмбақ.** Далада қар борайды, Ақ мамыққа орайды. Мұз – болады қатады, Жып-жылтыр боп жатады. (Қыс) **Еңбек:**Ойын алаңынан қарларды жинау. **Мақсаты:**Еңбек етуге, істеген ісін аяғына дейін жеткізуге үйрету.Достыққа тәрбиелеу **ойын Аққала жасаймыз** **Мақсаты**. Достыққа	**Бақылау«Ағаштарды бақылау»** **Мақсаты** Қыс мезгілінің түсуімен ағаштарды қырау басқанын қыс бойы ағаштар демалып, көктем мезгілінде оянатынын, тек шырша ағашы ғана ешбір өзгеріссіз сол қалпында қалатынын түсіндіру, тілдік қорын дамыту. - Балалар қазір жылдың қай мезгілі? - Қыс айларын атаңдаршы. - Бүгін ауа-райы қандай? - Ағаштарға қараңдаршы, нені байқадыңдар?Ағаштарды қырау басты, ағаштар қыс бойы демалып, тек көктем мезгілінде оянады. Шырша ағашына қараңдаршы, түсі қандай? Жапырағы бар ма? т.б.(қоршаған ортамен танысу) **Жұмбақ.** Жапырақсыз сидиып, Жабырқаулы ағаш бар. Көк шапанын жамыл Құлпырады қай ағаш? (Шырша) Тікен-тікен тік пісте Қысы-жазы бір түсте. (Шырша) **Еңбек: .** Ойын алаңын қоқыстан тазалау **.** **Мақсаты:** Еңбек етуге дағдыландыру.Еңбексүйгіштікке, тазалыққа тәрбиелеу	**Серуен-ізденіс** **Бақылау:«Кішкентай із кесушілер» Мақсаты:** : Қыстың негізі қар екенін түсіндіре келе қардың жылы жерде еритінін, суға айналатынын, оның жұмсақ, ұлпа қар деп аталатынын айту. Сондықтан қардың бетіне із түсетінін айтып, қар бетіндегі іздерді ажырату. Ойлау қабілеттерін, тілдерін дамыту. Денсаулықтарын сақтауға тәрбиелеу **Қимылды ойын: «Қар атыспақ» ойыны** **Мақсаты:** Қимыл - қозғалыс белсенділігін дамыту. Жылдамдық, ептілік, төзімділікті шыңдау, көңіл – күй, қуаныш әсерін сыйлау. **Ойынға қажетті құралдар:** Мақтадан жасалған қар түйіршіктері. **Ойын шарты:** Балалар

	(жел бар ма, күшті, әлсіз) желдің күштілігін анықтауға балаларды жаттықтыру, қай бағытта екенін анықтау. *Тапсырма*. Желдің қалай ысқыратынын тыңдау. **Жұмбақ** Бір нәрсе көрінбейді бар ғой өзі, Адамзат ол нәрсені көрмес көзі. Жансызды қимылдатып жанды қылар, Ызылдап, ызың қағар айтқан сөзі. (жел) «Желдің түсі қандай»?» **Өлең.** Бұл өленді А. Құнанбаев атамыз жазғанын айтады Ақ киімді денелі, ақ сақалды Соқыр мылқау танымас тірі жанды Үсті басы ақ қырау, түсі суық Басқан жері сықырлап келіп қалды. (Көркем әдебиет) *Қозғалыстағы ойын* **«Екі аяз»** Икемділігін дамыту, қозғалыстағы ойынға қызығушылығын арттыру және оны ойнай білуге үйрету. Өз бетінше рөлдерді бөлу талабына тәрбиелеу. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу ісәрекеті, еңбек іс-әрекеті)**	Мақсаты: ойын: Бақшаның қатарларын қармен толтыру. .Мақсаты:. Жүйекте өсетін өсімдікке құрметпен қарауға және нақты қызығушылыққа тәрбиелеу, еңбек мәнділігін түсіндіру (тұқымның үсіп кетпеуін, көктемде өсім болмайтынын).Еңбек ету талабына тәрбиелеу. **Қозғалыстағы ойын** «Үйымдастырушылар» Бір-бірінің қолдарын алып, шеңбер бойынша қозғала білуге үйрету; спорттың көрсетудегі қозғалыс түрі бойынша шеше білу және оны атау. Ойынға қатысуға ынтасын тәрбиелеу. (дене шынықтыру) **Өз бетінше іс-әрекеті** Табиғат жағдайын есепке ала, дәлізде сабақ және ойын үшін жағдай құру. Жағымды тәртіпті қалыптастыру. **Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу ісәрекеті, еңбек іс-әрекеті)**	тәрбиелеу **Ұлттық ойын: «Соқыр теке»** Мақсаты: Ұлттық ойынға деген қызығушылықтарын арттыру, көңіл-күйлерін көтеру. **«Ұлпа қарларды жинау» ойыны** **Мақсаты:** Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа баулу. **Ойынға қажетті құралдар:** Ұлпа қарлар, қолғаптар. **Ойын шарты:** Ортаға ұлпа қарлар шашылады. Екі бала шығып, қолдарына қолғап киіп ұлпаларды себетке жинайды. Кім көп және тез жинаса сол жеңіске жетеді .(**Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу ісәрекеті, еңбек іс-әрекеті)**	**Ұлттық ойын: «Үйректер мен аңшы», . Мақсаты: :** Ойынға деген қызығушылықтарын,жылдамдықтарын арттыру, достыққа тәрбиелеу.. Қимылды ойын:**«Шаңғышылар» ойыны** **Мақсаты:** Балалардың қимыл-қозғалысын дамыту. **Ойынға қажетті құралдар:** Қораптан жасалған шаңғылар. **Ойын шарты:** Балалар аяқтарына қораптан жасалған шаңғыларды киіп, тез мәреге дейін жету керек. Кім орнына тез оралады сол жеңімпаз атанады.(**дене шынықтыру, еңбек іс-әрекеті,қоршаған орта)**	бір-біріне қар атысып ойнайды . (дене шынықтыру) **Д\О «Бұл кімнің ізі?»** Енді өздерінің іздерін қарға салып, іздерді салыстырып, қандай екенін әңгімелеу. **Еңбек:** Ойнайтын алаңды қардан тазалау. **Мақсаты**: Белгіленге жерге қарды күрекшелерімен күреп, үю. Аяқтарын, қолғаптарын қағып, сапқа тұрып топқа оралу. - Дала аппақ, қар аппақ, Айналаның бәрі аппақ. Ағаш та ақ, шатыр да ақ, Бұның бәрі неге аппақ?, - деп балаларға ой тастау.(көркем әдебиет) Қардың түсі ақ, ол жұмсақ болғандықтан «Ұлпа қар»деп аталады. Ол суық, әрі жылы жерде ериді. Қарды жалаңаш қолмен ұстамайды. Қар жұмсақ әрі жеңіл болғандықтан онда әртүрлі іздер қалады. Енді өздерінің іздерін қарға салып, іздерді салыстырып, қандай екенін әңгімелеу. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу ісәрекеті, еңбек іс-әрекеті)**

Серуеннен оралу	Балалар реттілігімен шешінеді. Мәдени-гигиеналық шараларды орындайды. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру.				
Түскі ас	Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтанутуралы түсініктерді кеңейту. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру (физикалық дамыту) Берейін бата асыңа, Амандақ берсін басыңа. Бөденедей жорғалап, Қыдыр келсін қасыңа (**қазақ тілі**)				
Күндізгі ұйқы	Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: ұйқы және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту. Музыкалық киіз үйден бесік жырын тыңдату (**музыка**)	Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: ұйқы және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту Аудио ертегі тыңдату (**музыка**)	Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: ұйқы және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту . Музыкалық киіз үйден бесік жырын тыңдату (**музыка**)	Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: ұйқы және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту Аудио ертегі тыңдату (**музыка**)	Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: ұйқы және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту, Музыкалық киіз үйден бесік жырын тыңдату (**музыка**)
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Ұйқы ашар жаттығуы. «Күннің оянуы» «Міне күн де оянады»- балалар тізе бүгіп отыр, қол төменде. Ақырын тұрады. Биік, биік, биікке - Балалар тұрып, қолдарын жоғары қарай көтереді. Түнге қарай батады- Балалар тізе бүгіп отырады. Төмен, төмен, төменге - балалар тізе бүгіп отырады, басты төменге – жоғарыға – төменге еңкейеді. Керемет, керемет - Балалар тұрып алақан соғады. Күлімдейді күн. Қол белде, оңға-солға бұрылу. 3-4 рет қайталау				
Бесін ас	Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтанутуралы түсініктерді кеңейту. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру Берейін бата асыңа, Амандақ берсін басыңа. Бөденедей жорғалап, Қыдыр келсін қасыңа				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары,	**Дидактикалық ойын** « Ұшты-ұшты » Мақсаты: Ненің ұшатынын, ненің ұшпайтынын, аңғарымпаздыққа тәрбиелейді. Ойынның мазмұны: Ойынды үй	**Сюжетті-рөлдік** «Балабақша» ойынын ұйымдастырып балалар топтасып ойнауды бекіту **Дидактикалық ойын: «Сипаттамасы бойынша**	**Дидактикалық ойын**: «Денсаулыққа дегеніміз ...» Мақсаты: Адамның денсаулығына гигиена мен күн тәртібінің ықпалы туралы түсініктерді кеңейту. Науқасқа күтім жасау	**Сюжеттік ойыншықтармен ойындар.** **Д\о«Не артық».** Мақсаты: Ойыншықтардың ішінен көліктерді бөліп алып ажыратуды үйрету.	**Сюжетті-рөлдік** «Отбасы» Мақсаты:отбасы мүшелеріне қызығушылық танытады. **Дидактикалық ойын «Теңіз»**

бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	ішінде де сыртта да ойнауға болады. Ойынға қатысушыларға бастаушының сөзін қалт жібермей бағып отыру шарт.Ұшатын құс не зат айтылса, қолдарын жоғары көтереді де , ұшпайтын зат айтылса тырп етпей отырады. Қателескен бала айып тартып тақпақ айтады не ән салады. Екі рет жаңылса айып шарты, ұлғая түседі. Бастаушы Ұшты-ұшты сұңқар ұшты (қол көтереді) Ұшты-ұшты қарға ұшты (қол көтереді) Ұшты-ұшты арба ұшты (қол көтермейді) Ұшты-ұшты дауыл ұшты (қол көтермейді) Ұшты-ұшты ұшақ ұшты (қол көтереді) Ұшты-ұшты торғай ұшты (қол көтереді) Ұшты-ұшты жылан ұшты (қол көтермейді) Осылайша жүргізілген ойында жаңылмаған ойыншы жеңеді. **Дидактикалық ойын «Ненің** жұбы болады» дидактикалық ойыны. Мақсаты:Балаларға қандай заттардың жұпсыз болуы мүмкін емес екендігін көрсету, «жұп» ұғымын бекіту. «Суретші қай оюдың суретін салды?» «Қазақтың ұлттық ою-	**тап»** Мақсаты: Ұзын-қысқа, кең-тар, биік-аласа, үлкен-кіші ұғымдарын бекіту «Үйдің есігін жабайық» Ойынның мақсаты: заттарды өлшемі бойынша салыстыруға, жуан және жіңішке заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту. **(Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)** «Күн мен бұлт» Мақсаты: Балалардың есту, тыңдау қабілеттерін дамыту. Әр – түрлі сипаттағы әуендерді ажырату қабілеттерін дамыту. (көңілді, қуанышты, мұңды, көңілсіз). **Ойынның аты: “Жұмбақ зат”** Ойынның мақсаты: ойлау және сөйлеу қабілеттерін арттыру, Ойынның шарты: ыдысқа салынып бір зат әкелінеді.Сол затты жауабын айтпай сөзбен сипаттайды.балалар шешімін табуы қажет.	дағдыларын қалыптастыру: оған қамқорлық жасау, шуламау, оның өтініштері мен тапсырмаларын орындау. Науқастарға жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Ойынның аты: “Сұрақ – жауап” Ойынның мақсаты: мақал – мәтелдерді тез есте сақтау, дұрыс дыбстау Дидактикалық ойын: «Бет орамалға лайық жамауларды табу» Мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. (**Шығармашылық іс-әрекет,бейнелеу іс-әрекеті,**)	«Үйде нестеп жатыр?» Мақсаты: Балалардың музыка жанрлары туралы білімдерін дамыту. Әнді, биді, марштыажырата білуге баулу. (музыка) Дидактикалық ойын «Суретті жалғастыр» (**,Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті**)	Мақсаты: Балалардың музыкалық есту, тыңдау, көру қабілеттерін дамыту. Ойын барысы: Балаларға үнтаспадан теңіздің дыбы қосылған әуенді естірту. Әуенді тыңдап болғасын, балалар әуеннің мінез құлқын айтып өз ойларымен бөліседі. (**музыка**) «Әдемі кілемшелер» Ойынның мақсаты: бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. **(Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті**

	өрнектері. Кесе» Мақсаты: түстер туралы алған білімдерін тиянақтау. **(шығармашылық іс-әрекет, кеті)**				
Балалармен жеке жұмыс	**Бала тіліндамыту. Тақпақтарайтқызу.** "Шырша" (ӘдібайТабылдиев) Қызық-думанкүнкелді, Жасылшыршатүрленді. Аязсүйіп, терледі, Үйгекірдітөрледі. Сылдырайдымоншағы, Шыршамыздың мол шамы. Бізбенбіргежайдары Жарқырады, жайнады. Арайландышыршамыз, Айналамызбаршамыз! **(қарым-қатынасіс-әрекеті)** **Әтірхан Хан**	**Бала тіліндамыту. Тақпақтарайтқызу.** "Күмісқар" (ӘлиЫсқабаев) Қырлардыжаптықүмісқар, Даладажаңатыныс бар. Бұталаржалт-жұлтетеді Кәдімгібейне хрусталь. **(қарым-қатынасіс-әрекеті)** **Оразбайұлы Әлимансур**	**Бала тіліндамыту. Тақпақтарайтқызу.** "Жаңажыл" (Хамит Ерғалиев) Жаңажыл! Жаңажыл! Не әкелдің сен бізге? Бау-бақшаңтолғангүл, Төлдеріңсемізбе? Бауырсақ, балмұздақ, Концертке. .. молсың ба? Біздіалғабарғызбақ, Сен жаңажылсың ба? **(қарым-қатынасіс-әрекеті)** **Батырхан Дарын**	**Бала тіліндамыту. Тақпақтарайтқызу.** "Қыс" (ІзтайМәмбетов) Жаңаайлардыңжаңақары Жапалақтапжауады. Жайлыбірлептаралады, Жаңғыртадыауаны. Ұйқыдағыбаладайын, Баладайынпәкжүрек. Ұйыпқаптықырдақайың, Киімкиіпақжібек. **(қарым-қатынасіс-әрекеті)** **Жұмабек Айзере**	**Бала тіліндамыту. Тақпақтарайтқызу.** "Жаңажыл" (Хамит Ерғалиев) жалғастыру. Жаңаданкөптүрлі Машина бергейсің, Жаңаданкөксырлы Үйлергекіргейсің. Жаңажыл! Жаңажыл! Жаңалықізде сен! Жаңаән, жаңажыр Жазыпбербізге сен! **(қарым-қатынасіс-әрекеті)** **Тәкен Ержігіт**
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Жолдасына көмектесу, түймені дұрыс тағуды жетілдіру, серуендеу үшін ойын материалын таңдау, балалармен спорттық және ойын құралдары мен спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: қимылдар және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту.				
Серуен	**Тақырыбы Серуен-өнер«Қылқалам шеберлері»Мақсат:** : Балаларға қыс мезгілінің ерекшелігін әңгімелеу, айналадағы ағаштарға, ойын алаңындағы құмсалғышқа, т.б.бақылау	**Тақырыбы**: **.** Бүгінгі ауа-райын бақылап, желдің бағытын анықтап, бақылау жүргізу. **Мақсаты**: Қыс туралы түсініктерін кеңейту. Табиғат құбылысы, қар жайлы түсініктерін қалыптастыру.	**Тақырыбы**Бүгінгі ауа-райын бақылап, желдің бағытын анықтап, бақылау жүргізу. **Мақсаты:** табиғатқа қамқорлық танытады; табиғаттағы маусымдық өзгерістерді байқайды **Барысы:**Аулада өсіп тұрған	**Тақырыбы. «Аппақ қардың, мөлдір суға айналуы»Мақсат**: Балаларға қыс мезгілі жайлы түсінік беру. Табиғат сырын ашу. Денсалықтарын күтуге тәрбиелеу. **Бақылау** Бүгінгі ауа-райын бақылау **Сиқыр-тәжрибе** Айналамыздағы ақ мамық, ұлпа қардың мөлдір суға	**Тақырыбы:Қыстағы құстар Мақсаты:Балаларға қарға,торғай ,сауысқанмен таныстыру.** **Бақылау:** Бүгінгі ауа-райын, желдің бағытын

	жасату, олардың қыстағы көрінісін әңгімелеу. Қар бетіне қысқы орманның бейнесін бейнелету.**Бақылау.** Бүгінгі ауа-райын бақылау. Жыл мезгілі жайлы кіріспе сұрақтар қою. **Жұмбақ** Қаптап түсіп, Қатталып жатыр .Қатталып жерде ,Тапталып жатыр. (Қар) Қардың қасиетін әңгімелеу, «қарға із қалатынын білесіңдер» деп алып шыққан таяқшаларымен қар бетіне қысқы құбылыстардың бейнелерін салғызу. (Сурет салу кезінде әңгіме жүргізіп отыру). **(сөйлеуді дамыт ,қоршаған ортамен таныстыру)** **Ойын Д\О «Дұрыс қайтала»** **Жаңылтпаш**«Боран болар, боран болар,Боран борар, жол орар». **Көркем сөз Еңбек** **Мақсаты:** Белгіленге жерге қарды күрекшелерімен күреп, үю. Аяқтарын, қолғаптарын қағып, сапқа тұрып топқа оралу. **Жеке жұмыс:** 2–2,5метр арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты екі қолымен лақтыру	**.** Балаларға қар туралы ертегі айтып беру. Бір күні кішкентай бұлт қыдыруға шығады. Күн суық болғандықтан ол тоңа бастайды. Оған өте қызықсыз болады. Бұлт тоңа бастайды да, суыққа шыдамай жылайды. Бір кезде көзінен аққан жас емес, басқа нәрсе екенін байқап, жылағанын қойып, анықтап қараса, олар әдемі қаршалар екен. Қаршалар өте кішкентай, аппақ, өте қызықты болып көрінді. Олар жерге қарай ұшып, әрқайсысы әр жерге қонып жатты: Бірі үйдің шатырына, бірі ағаштың бұтағына, бірі жерге, тіпті балалардың малақайына, қолдарына, кірпіктеріне, мұрынына да қонып жатты. Қарлар қайдан шықты? Олар қандай екен? Бұлт неге жылады? (сөйлеуді дамыту) **ойыны Қ\О «Ақшақарлар», «Көрші-көрші»** **Еңбек:** Белгіленге жерге қарды күрекшелерімен күреп, үю. Аяқтарын, қолғаптарын қағып, сапқа тұрып топқа оралу Жеке жұмыс: Ауладағы ағаштарды санау. 9-санын қардың үстіне жазу.	шыршаны көрсетуді өтіну. Суреттен ормандағы жануарларды көрсетіп, сұрақтар қою. Қоян шыршаның түбіне тығылады. Шыршаның бұтақтарындағы дәнмен құстар қоректенеді. Құстар ағаштардың басына ұя салады. Ендеше ауламызда өсіп келе жатқан кішкентай шыршаларға қамқор болайық. Балалар ауламызда не өсіп тұр? Қандай ағаштар өсіп тұр? Ағаштар қыста қандай болады? Шырша не? **(сөйлеуді дамыту,көркем сөз)** **Серуен- достық.** **Тақырыбы: «Шырша немен дос болады?»** **Мақсаты**: Балаларға ағаштар мен өсімдіктер арасындағы байланысты түсіндіру. Сурет арқылы көрсету. Ауладағы өсіп тұрған шыршаға қамқор болуға тәрбиелеу. **Көрнекілігі:** Қысқы орман, шырша суреті. **Еңбек:** Қарды күреп, ағаштардың астына үю. **Ойын Қ\О «Кім жылдам?»** Өз еріктерімен түрлі ойындар ойнау. **Жеке жұмыс:** сапта екеуден, үшеуден жүру; заттардан бір қырымен аттап жүру; Киімдерін қағып, саппен топқа қайту.	айналуын тәжірибе арқылы көрсету. Қарды алып алақанға салып еруін бақылау. – Суды қайта қарға айналдыруға болама? Су қар болмайды, ол мұз боп қатады.Ол үшін суды қайда қоямыз, қалай ойлайсыңдар? Қар-ақ,мұз,суық сериді,жұмсақ,мамық көркем сөз **(сөйлеуді дамыту) Аппақ, аппақ.** Аппақ, аппақ жапалақтап, Қар жауады тынбастан. Қалың орман маужыраған, Қар жамылған түнгі аспан. **. Қ\О «Апандағы аю»** **Мақсаты:** Балаларды ұйымшыл ойнату. Балалардың қимыл-қозғалыстарын арттыру, қол-аяқ бұлшықеттерін жетілдіру, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. Достыққа тәрбиелеу. **Еңбек әрекеті.** **Мақсаты:**Ойын алаңын қардан тазарту. Үлкендергі көмек көрсету. Ұйымшылдыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **Жеке жұмыс:** **Қардан 9- домалақтар жасау . Кім қанша жасады ?** .	бақылау.Қыстап қалған құстарды бақылау. Қандай суық қыс деген?Қалтырайды құс деген.Құлақшынды кимесең,Құлағыңды тістеген. Қандай қызық қыс деген?Бәрін шебер істеген. Бақша-бауды, тауды да,Болған ақ түспенен. А.Асылбеков Балалардың білімдерін белсендіру. Қандай құстарды білесіңдер? Ал қандай құстарды қыста даладан көрдіңдер? Кейбір құстар жылы жаққа ұшып кетеді? Ондай құстарды қалай атайды? Жұмбақтар шешеді: Қара түсті қарқылдап Ұшып-қонып жалпылдап. Қоқыстарды шоқиды, Жем іздейді там-тұмдап. (Қарға) Жем көрсе, Шықылықтап қалтандайды, Сескенсе, Жыпылықтап жалтаңдайды. (Сауысқан) Бұл құсты бәрі білер, Ауламызда шырылдап, Шиқ-шиқ етер, Қоңыр ... (торғай). «**Дидактикалық ойын «Суықторғай»**Шарты:су ықторғай сияқты секіреді, Ұшады және шырылдайды. Тәрбиеші үстел үстіне жемсауыт

					шығарады және құстарға арналған жемдерді де қояды: кәмпиттер, тұқымдар, шемішке, картоп, шоколад, сәбіз т.б.Суықторғайдың жемін таңдауға тапсырма береді.Балалар қысқа адыммен секіреді, ұшады, «рюм-рюм-рюм», – ысқырып дыбысынсалады. Балалар құстарға арналған жемді таңдайды.Торғайларға – нан қиқымы, дәндер. Сарышымшыққа – нан қиқымы, дәндер.Суықторғайға – өсімдік тұқымдары,шетеннің жемісі.Қарғаға – тағам қалдықтары, жеміс пен көгөністердің аршылған қабықтары. Көгершінге – тары.
Серуеннен оралу	Балаларды сырттан кіргенде қауіпсізді сақтап реттілікпен кіруге дағдыландыру, сырт киімдерін шешіп ,ілуіне көмек көрсету **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру**	Сырттан бөлмеге кіргенде реттілікпен қолдарын сабын қолданып жуу қажет екенін ескертіп, жууға көмек беру. **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру**	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен шешінуді үйрету **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру**	Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыпу	Кір киімдерді тәрбиешіге ескертіп ауыстыру , қолдарын көпіршітіп жуу Жеке гигиенаны сақтауға баулу
Кешкі Ас	Балаларды үстелде түзу отыруын қамтамасыз ету, ас ішкенде артықіс-әрекеттер жасауға болмайтынын түсіндіру	Балаларды үстелде дұрыс отыруын бақылау, берілген асты ұқыптылықпен ішуін түсіндіру. **Кесте бойынша кезекшілікті орындау**	Балаларды дұрыс отыруын түсіндіру,Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету **Кесте бойынша кезекшілікті орындау**	Берілген асты ішіп болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету ,ас ішіп болған соң майлық қолдану қажет екенін көрсетіп үйрету. **Кесте бойынша кезекшілікті орындау**	Үстелде дұрыс отыру ережесін түсіндіру, берілген Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы

	Кесте бойынша кезекшілікті орындау **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	**(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	**(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	**(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	әңгімелесу **Кесте бойынша кезекшілікті орындау** **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	**Қимылдық ұлттық ойын** **Мақсаты:** Дене шынықтыруды дамыту, ұлттық дәстүрлермен таныстыру. **Ойындар:** **"Арқан тартыс"** Балалар екі топқа бөлініп, арқан тартады. Ойын ұйымшылдық пен күшті қажет етеді.	**Сюжеттік –рөлдік ойын** **Мақсаты:** Баланың қиялын, қарым-қатынас дағдыларын және әлеуметтік бейімделуін дамыту. **Ойындар:** **"Дәрігер"** Бір бала дәрігер болып, басқалары науқас рөлін ойнайды.	**Үстел үсті-баспа ойындары** **Мақсаты:** Баланың логикалық ойлауын және ұсақ моторикасын дамыту. **Ойындар:** **"Домино"** Суреттер арқылы тақырыптық домино ойыны ұйымдастырылады (жануарлар, жемістер).	**Кітап оқу** **Мақсаты:** Баланың сөздік қорын байыту және тілдік дағдыларын дамыту. Балалар жеке өздері суреттері бар кітаптарды қарайды. Қызықты қысқа ертегілер немесе әңгімелер оқып беру арқылы балалар өздері жалғастыра алады. **Кітап бұрышы:** Балалар кітаптарды таңдауға еркіндік алады.	**Бейнелеу өнері** **Мақсаты:** Баланың қиялын, шығармашылық қабілеттерін және қол моторикасын дамыту. **Іс-әрекеттер:** **Сурет салу:** Тақырыптық суреттер ("Қысқы табиғат", "Менің отбасым").
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға төлем ақы туралы ескерту.	Тұмаудың алдын алу жайлы кеңестер беру.	Балалардың тазалығы жайлы ескерту	Балалардың жақсы жетістіктері жайлы әңгімелесу	Демалыс кунге үй тапсырмаларын беру.орындап келуін талап ету

Тексерген Әдіскер: **М.К.Кальжанова**

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: « **Жан-Айниет» жеке меншік балабақшасы мекемесі**

Топ: Мектепалды «Қарлығаш» тобы

Балалардың жасы:5 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі:03-05 қаңтар 2023 ж.

Тәрбиеші: Нұралиева М

Күн тәртібі	**Сәрсенбі**	**Бейсенбі**	**Жұма**
Балаларды қабылдау	«Телефон» дидактикалық ойынын ойнатуға болады. Ойын шарты: телефон арқылы айтылған сөзді басқа балаға жеткізесіңдер. Егер телефон үзіліп қалса, үзіп алған бала айыбын төлейді.(қарым қатынас іс әрекеті) Д/О «Кір қуыршақ» Мақсаты: Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру (музыка)	**Сәлемдесу "Жақсы тілек".** Мақсаты: Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен келуіне жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді пысықтау. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, баланы жеке пікірін білдіруге тарту **(Қарым-қатынас іс-әрекеті).**	**"Комплимент"сәлемдесу** **Мақсаты:** Көңілді музыка қойып, көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, ауа райы туралы баланың жеке пікірін білу. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)**
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес беру	Ата-аналардың сұранысы бойынша кеңес беру (жеке)Ата-аналармен жеке әңгімелесу. балабақшаның күн тәртібін сақтаудың маңыздылығын еске түсіріңіз.		
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**««Біреу-көп»** **Мақсаты:** «Біреу және көп» ұғымын қайталау. **Ойынның құрал-жабдықтары:** Әртүрлі заттар суреттері, пішіндер. **Ойын барысы:** Балаларға бірнеше түрлі заттар немесе пішіндер беріледі, балалар ең алдымен оларды топтастырады, қайсысы көп, қайсысы аз екенін атап айтады. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)** Балалардың дербес қимыл	**«Қай ойыншық жетпей тұр?»** **Мақсаты:** Балалардың зейінін, есте сақтау қабілеттерін дамыту. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)** Балалардың дербес қимыл белсенділігін ұйымдастыруда, меңгерген қимыл дағдыларын жетілдіру үшін серуен өткізілетін орынды жабдықтау, ойын алаңында балалардың жүруіне арналған кедергі жолдар жасау.	**Д/О«Құпия заттар»** **Мақсаты:** қарым-қатынас дағдыларын дамыту, құрдастарымен ортақ тіл табыса білуге үйрету. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет).** Балалардың дербес қимыл белсенділігін ұйымдастыруда, меңгерген қимыл дағдыларын жетілдіру үшін серуен өткізілетін орынды жабдықтау, ойын алаңында балалардың жүруіне арналған кедергі жолдар жасау.

	белсенділігін ұйымдастыруда, меңгерген қимыл дағдыларын жетілдіру үшін серуен өткізілетін орынды жабдықтау, ойын алаңында балалардың жүруіне арналған кедергі жолдар жасау		
Ертеңгілік жаттығу	**Таңертеңгі жаттығу кешені (құралсыз)** Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; Қолды кезек жоғары-артқа көтеру. Қолды алға көтеріп оңға, солға бұрылу. Гимнастикалық қабырғаға қарап тұрып, белінің тұсындағы тақтайшаны ұстап, алға еңкею. Алға еңкейіп, алақанын еденге тигізу. Алға қарай еңкейіп, алақанды еденге тигізу; Отырып алға қарай еңкею, тізерлеп тұрып алға еңкею. Қолдың күшін жетілдіруге арналған жаттығулар. 3-5 метр қашықтықта екі қолын жерге қойып, жүру (бір бала екінші баланы аяғынан ұстайды). екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет); отырып алға, артқа еңкею (5–6 рет), стретчинг элементтері бар жаттығуларды орындау, қолды тізеге қойып отырып-тұру; **(дене шынықтыру)**		
Таңғы ас	Адам ағзасы және оның қызметінің ерекшеліктері туралы түсініктерді кеңейту. Балалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару. Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтану, және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту. Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу.		
Ұйымдастырылған ісәрекетке дайындық	**Д/о:Бұл қай кезде болады?** Балалардың тәулік мезгілдері туралы білімдерін нығайту; оларға тәуліктің *таңертең, күндіз, кеш, түн* тәрізді мезгілдерінің суреті бейнеленген кепе қағазын көрсету арқылы үйрету **(танымдық, зерттеу іс-әрекет)** **Д/ОБұл қай кезде болады?** **Мақсаты:**қазақ тіліне тән ү, ұ, і дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру	**Д/О**Аяқ астындағы ғажайыптар **Мақсаты**: ұрғақ және дымқыл құмның қасиеті туралы білімдерін кеңейту. **(Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**	**Д/О«Судың қасиеті»** **Мақсаты:** Балаларға су туралы мағлұмат беру, тәжрибе жасау арқылы судың қасиеттерімен таныстыру. **(Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**
Білім беру ұйымының	**Көркем әдебиет**	**Математика негіздері**	**Музыка**

кестесі бойынша ұйымдастырылған ісәрекет	**Тақырыбы: «Келді міне Жаңа жыл»** **Мақсаты:** Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі байланыстырып сөйлеуді дамыту. **Қазақ тілі** **Тақырыбы:«Қу түлкі мен қасқыр» ертегі** **Мақсаты** шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу **Дене шынықтыру** **Мақсаты** Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою. **Музыка** **Мақсаты**:Күйші-композиторлар Тәттімбеттің, Дина Нұрпейісованың шығармаларымен таныстыру .Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру	**Тақырыбы «Бір» сөзінің мағынасы** **Мақсаты**«Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру. Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге **Сауат ашу** **ТақырыбыСөйлем** **Мақсаты** Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіну **Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы Дауысты дыбыс** **Мақсаты**Ана тіліндегі дауысты дыбыс және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз н-ң, дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру. Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу **Тақырыбы: Ертегі кейпкері**: **Сурет салу**: Балалардың суретте қарапайым сюжеттерді: әлеуметтік оқиғаларды, қоршаған өмірдегі оқиғаларды, жеткізе білуін жетілдіру.Заттардың, ертегі кейіпкерлерінің бейнесін өзіне тән ерекшеліктерімен салу, сюжеттерде қарапайым мағыналы байланыстарымен ондағы заттардың арасындағы кеңістіктік қатынастарды жеткізе білу. Ұжыммен бірге жұмыс істеу, міндеттерді өзара келісіп орындау, салынған суретпен түрлі ойындар ойнау **Мүсіндеу:** Біртекті заттардан сюжеттер құру, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру, сюжеттерде пішіннің, қимылдың ерекшеліктерін жеткізе білу, кейіпкерлердің өзіне тән бөлшектерін мүсіндеу, композицияларды қосымша заттар мен	**ТақырыбыҚазақ халық аспаптары** **Мақсаты**: Қазақ халық аспаптары: домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен, «күй» жанрымен, күйші-композиторлар: Құрманғазының, Қорқыттың, Тәттімбеттің, Дина Нұрпейісованың, Дәулеткерей Шығайұлының, Ықылас Дүкенұлының шығармаларымен таныстыру. Қазақ халқының әндері мен би әуендерінің үздік үлгілерін тыңдауға баулу. **Математика негіздері** **Тақырыбы Салыстыр** **Мақсаты:** Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыра білуге үйрету. **Сауат ашу** **Тақырыбы Сөйлем** **Мақсаты**Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру. **Дене шынықтыру** **Мақсаты:** скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүру, Жүру: сапта бір-бірден, екеуден жүру (қайталау)

		элементтердің көмегімен көркемдеп жеткізу **Жапсыру.** Қайшыны қолдануды бекіту: жолақтардан тікбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын қию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алу. Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін) қолдану, түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыру. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен (кілем, алаша, сырмақ, ши, көрпе, жастық), киіз үйдің жабдықтарымен (кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық, басқұр) таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру, оларды ою-өрнектермен безендіру. Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау. **Құрастыру:** Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өз бетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу. Шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту. Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану. Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыруға, алдағы жұмысты бірге жоспарлауға, бір-бірімен келісіп орындауға, дайын құрылыспен ойнауға мүмкіндік беру.	
2-ші таңғы ас	«Тамақ ішкенде сөйлемейміз» жаттығуы. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгіпеу, тамақты ауызды жауып шайнау. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**		
Серуенге дайындық	Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: қимылдар және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру		

Серуен	**Әр түрлі күн райына қарай қардың өзгеруін байқау.** Жылымық кезінде қар жабысқақ болады, қардан ойыншық аққала істеуге болатынына балалардың көңілін аудару керек, ал аязды күндері қар үгітіліп , құрғап тұрғанда ештеңе істеуге болмайды, Ауа қысымының өзгеруіне байланысты қардың қасиеті өзгеретінін байқап отыру, қардың өзгеру себептерін тереңдете түсіндіру. **Болжау.** Аязды күні қар жауса – күн жылынады. Суықтан қорықпа – суық сумен жуын. **Мақал-мәтел.** Қыс қандай болса, жаз да осындай. **Ойындар.** **«Кім озды?»** Балаларды әртүрлі жарысқа қатысуға үйрету. (кім бұрын жылжиды, кім бұрын озады сол жеңіске жетеді) Балаларды достарының жеңісіне жеткеніне қуануға үйрету, дағдыландыру.(қарым қатынас іс әрекеті танымдық іс әрекеті) **Еңбекке баулу.** Ауа райына байланысты қардың өзгеруіне көңіл бөлуді жалғастыру. **Дидактикалық ойындар. Тәжірибе жұмыстары.** (қар қандай екенін айт).	**Қысқы мерзімде күннің көзін бақылауды жалғастыру**. Қыс басында күннің көзі сирек қонақ екенін атап өткен жөн (бұлыңғыр, бұлтпен жабылған, жоғары көтерілмейді, жылытпайды). Қыстың ортасында күннің көзі айқын, жоғары көтеріледі, бірақ жылытпайды. Қыстың аяғында күннің нұры жылулық шашады, күннің көзі жоғары,күн ұзарады. Қадағалауды, әуесқойлықты, көңіл бөлуді дамыту; жансыз табиғат құбылысы жөніндегі білімін нығайту. Таңертең,күндіз және кеш бейімделуі бойынша күннің көзі жолдарын ажырата білу. Күннің жоғары тұрғанына көңіл бөлу керек. **Жұмбақ.** Ақ сандығым ашылды Ішінен жібек шашылды. (күннің көзі) **«Хоккеистер»** Қозғалысты ойынды өз бетінше ұйымдастыруға бейімдеу, топқа бөліну, ойын тәртібін сақтау. Балалардың бір-бірімен араласа білуін жетілдіру. Еңбек қызметі **Қар тоқтатуға дайындық. Жөндеу** Тәрбиешімен балалардың бірігіп еңбектенуіне тәрбиелеу. Еңбек мазмұнын ұлғайту, әр баланың еңбекке жүйелі қатысуын қамтамасыз ету. Дидактикалық ойындар. Тәжірибелер және эксперименттер **«Күннің тұрған жағдайы және биіктігі анықталды»** Нақты өлшем көмегі кезінде балаларды күннің тұрған жағдайын өлшеуге үйрету. Өз бетіше іс-әрекеті Тұрақты балалар бірлестігін нығайтуға талаптандыру. Дербестілігін және бастамашылығын	**Терең қар жамылғысының тереңдігін бақылау..** Балалардың көңілін бөлімшенің қай жерлерінде қалың қар жатқанына бөлу.Балаларға қаншалықты терең екенін білуін ұсыну.Ұзындығының шартты өлшемімен адамдар метрді орнатқанын түсіндіру.Балаларға метрді көрсету және әр жерде қар жамылғысының тереңдігін өлшеу; қалың қарды күрекпен кесу, қардың қалыңдығымен бөлігіне көңіл бөлу. **Жұмбақ.** Бір нәрсе өліп жатыр, жетіп ажал, Малының қисабы жоқ безбенге сал. Сүйегі көктеде емес жерде де емес Жігіттер көңіл қойып ойлаңыздар. (жауған қар). *Қозғалыстағы ойын* **«Аяз-Қызыл мұрын»** Алаңның қарама-қарсы жағына жүгіруді нығайту, ойын тәртібін сақтау (қолың тиген жерде- қатырып тастаған жерде тоқтайды).Ойында достықты және өзара көмекті көрсету. *Еңбек қызметі(танымдық іс әрекеті)* **Гүлзарда қар тоқтатуды орнату** Қар тоқтату жөніндегі пікірді ұлғайту(қарды тоқтатады, жел соққанда), оларды орнатуда тәрбиешіге көмектесу. Тапсырманы орнатуға үйрету, бірлесіп атқаруда кішігірім тәсілдерді қалыптастыру. *Дидактикалық ойындар. Тәжірибелер және эксперименттер* Ашық орынға қарағанда, неліктен шарбақтар мен қуыстарда қар қалың болатынын балаларға ойлануды ұсыну. Қорытынды. Бұл орындарда желмен ұшып кетпей, тұрып қалады.(қарым қатнас зерттеу іс әрекеті) *Өз бетінше іс-әрекеті* Қазіргі ойындарда өз құрдастарымен 2-3 рөлді ұстайтын, ойында бірлесуге талаптандыру, рөлді бөлу, ойын әрекетін орындау, жалпы ойын

	Қар туралы балалардың білімін қадағалап, сөздік қорын кеңейту. Қар қалың, түкті, күн көзіне жарқырайды, жабысқақ, құрғақ **Тәжірибе. Қардың қасиеттері.** Аязды күні қарды қолғаппен алса, ол жабыспайды, шашылады. Қарды сумен суарсаң, одан қаршық жасауға болады. Қар дымқыл әрі жабысқақ, Қортынды. Бұдан біз қардың дымқылдығынан қар әдемі тұтас түрде болатындығын байқадық **.(Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**	көтермелеу. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс- әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**	барысына сәйкес әрекет ету. (**Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс- әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**
Серуеннен оралу	Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру.		
Түскі ас	Адамның денсаулығына гигиена мен күн тәртібінің ықпалы туралы түсініктерді кеңейту. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол жуу, қол орамалды пайдалану. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Тамақ ішер кезде енді, Сөйлемейміз, күлмейміз. Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз**Қазақ тілі**		
Күндізгі ұйқы	Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: ұйқы және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту.		
